

Дәрігер-медбике-науқас қарым-қатынасы

Орындаған: Абжал Д.
Қабылдаған: Жолдас К.

Кіріспе

- **Емдеу жұмыстары барысындағы дәрігер мен науқастың қарым-қатынасының моральді-этикалық мәселелері деонтологияның маңызды тармағы болып табылады. Емдеу мекемесі туралы алғашқы әсердің жағымды , не жағымсыз болуы медицина қызметкеріне , осы жердегі жұмыс тәртібі мен жай-ахуалға байланысты қалыптасады.**

Негізгі бөлім

Емдеуші дәрігер кез-келген мекеменің буыны, бетке ұстар беделі болып табылады. Сондықтан дәрігерге құрметпен карап, жоғарғы беделге жетуіне қолдау көрсету аурухана әкімшілігінің де , клиника басшылығының да , маңызды міндеті саналмақ. Әрине , емдеуші дәрігер әрқилы болады, олар бір-бірінен жеке , кәсіби қасиеттерімен ерекшеленеді. Олардың кейбіреуінің қателік жіберетін кездеріде кездесіп қалады, сонда олардың қызметін объективті түрде бағалау , тіпті әдәл жазасын беру қажеттігі туындауы мүмкін. Бірақ мұның бәрі науқастың назарына жетуге , палата дәрігерінің беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

- Науқастармен жұмыс істеу мәдениеті емдеуші дәрігерлерден байыпты днонтологиялық даярлықты және сыртқат адамды емдеудің стационарға түскеннен , жазылып шыққанға дейінгі барлық кезеңдердің қатаң сақтауды талап етеді.

- Дәрігер әдептілігі мен сыпайлығы , науқастың мінезіне , мәдени деңгейіне, сырқатының ауыржеңілдіне , психикасының ерекшелігіне орай көрінуі керек . Уайымшыл науқастарға тап болғанда тап болғанда ,дәрігер шыдамдылық таныту қажет;науқастардын барлығы жұбатып ,жақауратқанда тілейді , сонымен бірге дәрігердің емдеу мүмкіндігіне сенімділігін де сезіну маңызды . Науқастын сенімділігіне ие болу , абайсыз сөзбен ,іс-әрекетпен сол сенімді үзіп алмау ,дәрігердің маңызды міндеті болып табылады.

- Әлдебір ұжым туралы айтылатын **тату** , **күшті, қабілетті** деген мадақтау сөздерді , ең алдымен , онда жұмыс істейтін адамдардың өзара қарым-қатынасы мен ішкі ахуал ауаға қатысты болмақ. Сондықтан , өзара қарым-қатынастағы деонтологиялық қағидаларды қатаң сақтау әр дәрігердің формальді міндеті емес , рухани қажеттілігіне айналуға тиіс. Міне сол айтылған қағидалардың кейбіреулері мыналар:

- - Дәрігерлер арасындағы қарым-қатынас терең құрметке ,жанашырлық пен өзара түсіністікке негізделуі тиіс;
- - Өзінің әріптестері туралы бөгде жұрт арасында гайбат сөйлеуге ,кемшіліктері мен қателіктерін теріп , талқыға салуға болмайды.Бұл үшін , арнайы бөлінген уақыт пен ұға алатын аудитория керек;
- - Әріптестердің сәтсіздігін түсініп , көңілін жұбату керек , әсіресе ол кәсіби сәтсіздікке кезіккенде немесе қарауындағы науқасқа араша түсе алмай күйзелген кезінде қолдау көрсетуің- ұжымдағы ұйымшылдық пен өзара көмек ахуалына негіз болады;
- - Әр дәрігер өзінің әріптестерінен қамқор-пейілін аямай,олар үшін кез-келген жұмыс түрін атқаруға даяр болуы , **біріміз-бәріміз үшін, бәріміз-біріміз үшін** – деген қағиданы ұстануы тиіс .

Сонымен дәрігерлердің өзара қарым-қатынасының деонтологиялық қағидаларын қатаң сақтау ұжым өмірінде,оның күнделікті және келешектегі табысқа жетуіне маңызды роль атқарады.

Медбикенің қарым-қатынасы

- Жақсы даярланған медбикесіз емдеу мекемелері мен емдеу жұмыстарының мәні болмайды. Сондықтан медбикелер арасындағы деонтологиялық қағидаларды бұрмалауға немесе оған ат үсті қарауға жол бермеу керек. Өзара қарым-қатынас палатадағы ахуалға, дәрігердің де, медбикенің де көңіл-күйі мен жұмысқа қабілетіне әсер етіп, бүкіл ем қолдану ісінің нәтижелеріне ықпалын тигізеді. Дәрігер мен медицина бикелерінің өзара қарым –қатынастарының реңі мен райы әртекті қалыптасқаны сөзсіз. Емдеу жұмыстарын жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасау үшін мынадай өзара қарым –қатынас қағидалары белгіленген:

- - Науқастардың алдында медбикенің жоғары адамгершілік және кәсіптік беделін көтермелеу;
- - Науқастарды аралап көруге және ем шараларын белгілеуге медбикелерді міндетті түрде қатыстыру;
- - Науқастардың көзінше медбикелердің аты-жөнін құрметпен атап , кішіпейілділік таныту;
- - Науқастардың көзінше , бөлменің ішінде медбикенің жұмысына мін тағып, ұрсып сөуге болмайды, ол үшін кабинет ,ординора бөлмесі бар . Осы принципті бұзудың салдарынан медбикенің науқастар арасында беделін жоғалтуы , соның кесірінен емдік шаралардың дұрыс орындалмай қалуы ықтимал.
- - Баршаның – дәрігердің де , науқастың да көңілінен шығатын мінезсіз медбике бірден жарала салмайды,оны дәрігердің өзі және бүкіл ұжым тәрбиелеп шығарады;
- - Дәрігер науқастардың алдында олардың жазылып шығуына медбикенің маңызды роль арқаратынын ардайым атап көрсетіп ,жақсы жұмыстарын мақтап отырулары тиіс ;

- Медбике сөз атауларының емдеп қана қоймайтынын ,сондық-ақ адам жанын жаралайтынын да айқын айқын ұғынуы тиіс , сондықтан науқастың көзінше түсініксіз терминдерді қолдануға әуес болмаған жөн.

Қорытынды

Глоссарий

- Деонтология-(грек.dejn ,geontos – керек,тиісті logos – оқу)қажетті тәртіп туралы ілім.
- Медициналық деонтология – этикалық нормамен медициналық қызметкерлерінің кәсіби міндеттерін орындау тәртібі принциптерінің жинағы.
- Принцип – қандай да болмасын қызметте нұсқаулық, жетекшілік , ғылым, білім жағдайында негізін құрайды.
- Этика – (грек.ethika – мінез,әдет-ғұрып,дәстүр) философиялық тәртіп , әдеп-ғұрып пен әдеттік сұрақтарды зерттеу.
- Қарым-қатынас – көпшілік күрделі процестің және адам арасындағы қатынастың дамуы, басқа адамды түсіну мен ұғу.